

Ленин жұлдызы

Шығуына
25-ші жыл
№ 13
(6714)
1944 жыл
Сейсенбі
18 январь
Бағасы
20 тыйы

КК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және КК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Ауыл, селендік советтердің жауынгерлік міндеті

Ұлы Отан соғысы жергілікті ауыл, селендік советтерге, олардың депутаттарына алуан-алуан жаңа міндеттер жүктеді. Ауыл, селендік советтер және олардың депутаттары соғыстың барысында өздерінің бұл жауынгерлік міндеттерін шын мәнісінде тыңғылықты орындай білді. Ауыл, селендік советтердің қызметкерлері бүкіл еңбекшілермен, колхозшы шаруалармен «Барлығы майдан үшін, барлығы жауды жеңу үшін» деген ұранмен бірлесе жұмыс істей отырып, еліміз бен Қызыл Армияны ауылшаруашылық продуктылармен, өнеркәсіпті шикі затпен ойдағыдай қамтамасыз ету ісінде зор еңбек сіңірді.

Колхоз, совхоздарымызда шаруашылық жұмыстардың соғыс жағдайының талабына сай жүргізілуі, олардың алдына қойылған негізгі міндеттердің мүлтіксіз орындалуы — ауыл, селендік советтердің атқарып отырған күнбе-күнгі жұмысына, депутаттар мен жергілікті совет қызметкерлерінің іскерлік қабілетіне байланысты. Ауыл, селендік советтер және олардың депутаттары мен қызметкерлері еңбекшілер бұхарасы арасында үміт-көпшілік істерін үлгілі жүргізген жерде соғыстық-шаруашылық міндеттердің тыңғылықты орындалуына оларды мейлінше жұмылдыра білген жерде жұмыстың жайы айтарлықтай болмақ.

Жеңімпаздықпен шабуыл жасаушы Қызыл Армияға көмекті еселеп күшейту, оны не қажеттің бәрімен қамтамасыз ету ісінде облысымыздың, бірсыпыра ауыл, селендік советтері едәуір игілікті жұмыстар істеді. Бұл жөнінде Чкалов ауданындағы Амандық (председателі Тұрғанбаева жолдас), Приешім ауданындағы Бостандық ауыл советінің (председателі Дүйсенбаев жолдас), Надеждинскі селолық советінің (председателі Анохина жолдас) тағы басқа ауыл, селендік советтерді мысалға алуға болады. Бұл ауыл, селендік советтер колхоздардың егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру, мал шаруашылығын өркендету, ауыл-деревняда саяси-көпшілік жұмысын өрістету жөніндегі міндеттерді аброймен орындауына қолма-қол көмектесіп, ұйымдастырушы роль атқара білді.

Дегенмен, бізде ауыл, селендік советтердің барлығында бірдей жұмыстың жайы айтарлықтай деп қорытынды жасауға болмайды. Бірсыпыра ауыл-селендік советтер, олардың басшылары өздерінің алдына қойылған ең басты міндеттердің дәрежесін, е сай жұмыс істей алмай отыр. Сондықтан да колхоз, совхоздардың алда тұрған міндеттерді орындау жолындағы жұмысынан олардың сырт қалуы таңғаларлық іс емес. Булаев ауданындағы Чистянский поселкелік советі облысымызда-

ғы Чистов және Қарағанды сыяқты ең ірі совхоздарды қамтыйды. Басқалармен бірдей бұл поселкелік советтің де атқаратын жұмысы алуан-алуан, әрі орасан зор. Алайда қызметкерлерінің іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің кем болуы салдарынан бұл поселкелік советтің жұмысы айтарлықтай емес. Мұнда өткен жылы бірде-бір сессия мәжлісі болмаған, ол депутаттардың өзінің күнбе-күнгі тұрмысына жұмылдыра білмеген. Осы аудандағы Морозов жолдас басқарған Пролетарскі селендік советінің жұмысы да осындай.

Қазір ауыл, селендік және поселкелік совет атқомдарының алдында тұрған зор міндеттер — өз күштерін орны-орнына дұрыс жұмсап, ауыл, село еңбекшілері арасында ұйымдастыру-көпшілік жұмыстарын мейлінше жақсарту, көктемгі егіске сақадай сай әзірлену, мал қыстату-ды үлгілі өткізу, колхозшылардың мемлекетке астық және картоф сату жөніндегі жігерін бастай білу болып саналады. Бұл жұмыстардың ойдағыдай жүргізілуі үшін саяси-көпшілік ісін күшейтіп, ауыл-деревняда социалистік жарысты пәрменінше өрістету керек. Бұған колхозшы шаруалардың жаппай қатысуын, алдыңғы қатарлы адамдардың іс тәжірибелерінің көпшіліктің игілігіне айналдырылуы қамтамасыз ету — жергілікті советтердің, олардың председателдері мен депутаттарының айбынды міндеті.

Ауыл-селендік советтер және олардың басшылары партия мен үкімет нұсқауың жүзеге асыру ісін мемлекеттік тұрғыдан бақылап, бұл міндеттердің мүлтіксіз орындалуына еңбекшілер бұхарасын ұйымдастыра білуге тиіс.

Бүгін ауыл, селендік және поселкелік совет председателдерінің облыстық кеңесі ашылады. Бұл кеңесте 1944 жылы облысымыздың ауыл шаруашылығын өркендетудің шаралары және ауыл, селендік советтердің міндеттері, ауыл-деревняда саяси-ағарту мекемелерінің жұмыстарын жақсарту сыяқты аса маңызды мәселелер талқыланғалы отыр. Алдағы уақытта бұл міндеттердің мүлтіксіз орындалуы — ауыл, селендік советтердің күнбе-күнгі ұйымдастыру-көпшілік істерінің бүгінгі күннің талабына сай жүргізілуіне тікелей байланысты.

Жауды біржолата тез талқандау үшін майданға көмекті еселеп күшейтуге, облысымыздың алдында тұрған зор міндеттердің аброймен орындалуына еңбекшілер бұхарасын жұмылдыра білу, сөйтіп соғыс уақытының талабына сай жұмыс істеу — ауыл, селендік советтердің, олардың басшылары мен депутаттарының жауынгерлік міндеті.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

16 ЯНВАРЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

НОВО СОКОЛЬНИКИДІҢ солтүстік жағында әскерлеріміз үш күнгі шабуылды ұрыстардың нәтижесінде душпанның қорғану шебінің бұзылған жерінің енін майдан бойына 15 километр және түпкірге қарай 8 километрге бұзып өтіп, 40тан аса елді пунктті, оның ішінде ШЕНАЙЛОВО, ПОЛУДИНО, ЧЕРНОЕ, СОПКИ, ВОЛГИНО, МАНОКОВО, МИХАЛКИНО, ЧИРКИ, РОВНИ, ЗАБОЛОТЬЕ үлкен елді пункттері мен НАСВА темір жол станциясын алды. Сөйтіп, әскерлеріміз НОВОСОКОЛЬНИКИ—ДНО темір жолын кесіп өтті.

16 январьда КАЛИНКОВИЧИДІҢ батыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып, алға басты, сөйтіп бірнеше елді пунктті, оның ішінде НОВОСЕЛКИ, ЯКИМОВИЧИ, КЛИНСКИ үлкен елді пункттерін алды.

САРНЫНЫҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді, бұл ұрыстардың барысында Ровен облысының аудан орталығы — КОСТОПОЛЬ қаласы мен үлкен темір жол станциясын және ВЛАДИМИРЕЦ, АНТОНОВКА, ЗЛОТОЛИН, ПЕЧАЛУВКА үлкен елді пункттерін алды.

ВИННИЦАНЫҢ шығыс және УМАНЫҢ солтүстік жағында әскерлеріміз душпанның жаю әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің қарсы атакаларын тойтарып, немістердің 136 танкін қыйратты, жойды.

Майданның басқа участкелерінде бірсыпыра пункттерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

15 январьда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 190 танкін қыйратты, жойды. Өуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен душпанның 60 самолеті атып түсірілді.

Новосокольниқидің солтүстік жағында әскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізе отырып, немістердің қорғану шебін бұзып өтті, сөйтіп 40тан аса елді пунктті алды. Душпан қорғану шеңберіндегі бекіністерге сүйеніп, қатты қарсылық көрсетті. Н. курамасының бөлімдері түнде атақаға шығып, күшті бекіністі Манокново елді пунктін алды және жеңісті баянды ете отырып, Насва темір жол станциясын бүркемелеп тұрған гитлершілерге соққы берді. Совет жауынгерлері кескілескен айкаста жау гарнизонын талқандап, станцияны алды. Сөйтіп немістер майдан шебі бойын бойлай өздерінің әскерлерін бір учаскеден екінші учаскеге тасыған Новосокольники-Дно темір жолын бөлімдеріміз кесіп өтті. Болып жаққан ұрыстарда душпан орасан көп шығынға ұшырауда. Күн тәулік ішінде немістердің бір полктей жау әскері жойылды. Совет авиациясы душпанның әскерлері мен қатнас жолдарына соққы беруде. Летчиктеріміз Идрица темір жол станциясына шабуыл жасаған кезде немістердің көп әскер эшелонын өртеді, талқандады.

Калинковичі қаласының батыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Немістер әлі қатпаған Ипа өзеніне бекінді. Кескілескен ұрыстардан кейін совет бөлімдері өзеннен өтті де оның батыс жағалауына лағы бірнеше елді пунктті алды. Новоселки үлкен елді пунктін үшін болған ұрыста бір батальондай гитлершілер жойылды. Жаудан олжа және астықтар қолға түсірілді.

Сарнының батыс және оңтүстік-батыс жағында Н. курамасының бөлімдері ұрыс жүргізе отырып, алға басты, сөйтіп Ровен облысының аудан орталығы — Костополи қаласы мен үлкен темір жол станциясын алды. Душпан жағдайы қалпына келтіруге әрекеттеніп қарсы атақаға шықты. Бірақ жау орасан көп шығынға ұшыратылып, кері қуылды. Немістердің 600дей солдатты мен офицері, бірнеше артиллерия батареясы жойылды. Оқ-дәрі және азық-түлік складтары қолға түсірілді. Бір учаскеде немістер елді пунктке бекініп, осы шепте совет бөлімдерін жоймақ болды. Ровен партизандары бұл тіректі пунктке тұтқыныдан тап беріп, гитлершілердің гарнизонын талқандады.

Винницаның шығыс және Уманың солтүстік жағында әскерлеріміз душпанның танктері мен жаю әскерлерінің ірі күштерінің қарсы атакаларын тойтаруда болды. Тар учаскеде душпан 100тен аса танкі мен бірнеше полк жау әскерін ұрысқа шығарды. Совет артиллериясының

нәсерлей жауғап оғымен гитлершілер тоқтатылды. Жау тың күш алып келіп, тағы да қарсы атақаға шықты. Совет бөлімдері кескілескен ұрыста немістерді орасан көп шығынға ұшыратып, оны кері шегінуге душар етті. 2.000дай гитлершіл, немістердің 62 танкі, өздігінен жүретін 9 зеңбірегі, 14 бронетранспортері жойылды. Екінші бір ауданда қорғану шебімізді бұзып өтуге әрекеттеніп, немістер алты дүркін атақаға шықты. Душпанның қарсы атакаларының барлығы тойтарылып, жау орасан көп шығынға ұшыратылды. Позицияларымыздың алдында немістердің қыйраған, өртенген 40 танкі, 10 бронетранспортері, өздігінен жүретін 23 зеңбірегі қалды. Күн тәулік ішінде артиллерияларымыз, танктеріміз бен жаю әскерлеріміз немістердің барлығы 136 танкін қыйратты, өртеді.

Каменец-Подольскі облысында қыймыл жасаушы Украин партизандары темір жол торабына миналар қойды. Немістердің танктер және автомашиналар тиелген эшелоны қойылған миналарға соқтығып, талқандалды. Жаудың қыйраған платформалары мен танктері екінші жолдың үстіне құлады. Немістердің Украинадан тонап алған астықты тиелген поезде бар партиямен жүріп келе жатып, жаңағы жол үстіне құлаған сынықтарға соқтықты, сөйтіп апатқа ұшырады. Темір жолдың бұл учаскесінде поездардың жүруі бек тәулік бойына тоқтатылды.

Немістердің 129-жау әскер дивизиясының 427-полкындағы 1-батальонның қолға түсірілген дәрігері Герхард Коиради былай деді: «Дивизиямызға қайткенде Гордоктың іргесіндегі позициядан айрылмау жөнінде бұйрық берілді, бірақ бұл міндет орындалмады. Орыс артиллериясының жауғап оғы бізді орасан көп шығынға ұшыратты. Командалық пункттеріміз және артиллериямыздың бақылау пункттері жойылды. Мен көп уақыттан бері майдандамын, алайда, артиллериядан мұндай нәсерлей жауғап оқты ешуақытта көрген емеспін. Артиллерия оғының астынан шықпақ болған әрекетіміз іске аспай қалды. Кері шегініп бара жатқан 428 және 430-полктарды, 427-полктың 3-батальонын орыстар қоршан алды. орыстардың қоршауынан кішігірім әскер топтары мен жекелеген адамдар ғана қутылды» Герхард Коиради өзінің сөзінің аяғында былай деді: «Соңғы күндері офицерлер майдандағы жағдай жөнінде өзара әңгімелесуді де қойды. Адамдар Германия жеңеді дегенге сенбейтін болды және олар соғыстың барысы жөнінде қайткенде аз аңыз етуге және ол жөнінде аз ойлауға тырысады.

1943 ЖЫЛҒЫ 24 ДЕКАБРЬДЕН 1944 ЖЫЛҒЫ 13 ЯНВАРЬҒА ДЕЙІН МЕРЗІМДЕГІ ДУШПАННЫҢ ШЫҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ І-УКРАИН МАЙДАНЫ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ЖАУДАН ТҮСІРГЕН ОЛЖАЛАРЫ

1-Украин майданының әскерлері 1943 жылғы 24 декабрьден 1944 жылғы 13 январьға дейінгі шабуыл кезінде неміс-фашист әскерлерін мынадай шығындарға ұшыратты. Жаудың 2204 танкі, түрлі калибрлі 1174 зеңбірегі, 625 минометі, 3173 пулеметі, 348 бронемашинасы мен бронетранспортері, 4686 автомашинасы, 2 бронепоезды, оқ-дәрі, қару-жарақ және азық-түлік қойылған 27 склады, 17 темір жол эшелоны, 28 паровозы, 400 вагоны, бензин күйған 40 цистернасы, жүк тиелген 3063 ат-шанасы жойылды. Душпан тек өлідей ғана 100мың-

дай солдатты мен офицерінен айрылды. Майдан әскерлері осы уақыттың ішінде жаудан мынадай олжа: 316 танк, түрлі калибрлі 902 зеңбірек, 321 миномет, 2000нан аса пулемет, 10.500 винтовка мен автомат, 157 бронемашинаны бронетранспортер, 3514 автамашинаны 47 тягач пен трактор, 480 мотоцикл, 20 паровоз, 1000нан аса вагон, жүк тиелген 3 эшелон, 40 цистерна, оқ-дәрі қару-жарақ, азық-түлік және басқа соғыс жабдығы қойылған 230 склад, жүк тиелген 3100 ат-шана, 3662 ат, 40 радиостанция қолға түсірді. Душпанның 7 мыңнан аса солдатты мен офицері қолға түсірілді. СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫ.

Ленин жұлдызы

Шығуына
25-ші жыл
№ 13
(6714)
1944 жыл
Сейсенбі
18 январь
Бағасы
20 тыйы

КК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және КК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Ауыл, селендік советтердің жауынгерлік міндеті

Ұлы Отан соғысы жергілікті ауыл, селендік советтерге, олардың депутаттарына алуан-алуан жаңа міндеттер жүктеді. Ауыл, селендік советтер және олардың депутаттары соғыстың барысында өздерінің бұл жауынгерлік міндеттерін шын мәнісінде тыңғылықты орындай білді. Ауыл, селендік советтердің қызметкерлері бүкіл еңбекшілермен, колхозшы шаруалармен «Барлығы майдан үшін, барлығы жауды жеңу үшін» деген ұранмен бірлесе жұмыс істей отырып, еліміз бен Қызыл Армияны ауылшаруашылық продуктыларымен, өнеркәсіпті шикі затпен ойдағыдай қамтамасыз ету ісінде зор еңбек сіңірді.

Колхоз, совхоздарымызда шаруашылық жұмыстардың соғыс жағдайының талабына сай жүргізілуі, олардың алдына қойылған негізгі міндеттердің мүлтіксіз орындалуы — ауыл, селендік советтердің атқарып отырған күнбе-күнгі жұмысына, депутаттар мен жергілікті совет қызметкерлерінің, іскерлік қабілетіне байланысты. Ауыл, селендік советтер және олардың депутаттары мен қызметкерлері еңбекшілер бұхарасы арасында үміт-көпшілік істерін үлгілі жүргізген жерде соғыстық-шаруашылық міндеттердің тыңғылықты орындалуына оларды мейлінше жұмылдыра білген жерде жұмыстың жайы айтарлықтай болмақ.

Жеңімпаздықпен шабуыл жасаушы Қызыл Армияға көмекті еселеп күшейту, оны не қажеттің бәрімен қамтамасыз ету ісінде облысымыздың, бірсыпыра ауыл, селендік советтері едәуір игілікті жұмыстар істеді. Бұл жөнінде Чкалов ауданындағы Амандық (председателі Тұрғанбаева жолдас), Приешім ауданындағы Бостандық ауыл советінің (председателі Дүйсенбаев жолдас), Надеждинскі селолық советінің (председателі Анохина жолдас) тағы басқа ауыл, селендік советтерді мысалға алуға болады. Бұл ауыл, селендік советтер колхоздардың егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру, мал шаруашылығын өркендету, ауыл-деревняда саяси-көпшілік жұмысын өрістету жөніндегі міндеттерді аброймен орындауына қолма-қол көмектесіп, ұйымдастырушы роль атқара білді.

Дегенмен, бізде ауыл, селендік советтердің барлығында бірдей жұмыстың жайы айтарлықтай деп қорытынды жасауға болмайды. Бірсыпыра ауыл-селендік советтер, олардың басшылары өздерінің алдына қойылған ең басты міндеттердің дәрежесін, е сай жұмыс істей алмай отыр. Сондықтан да колхоз, совхоздардың алда тұрған міндеттерді орындау жолындағы жұмысынан олардың сырт қалуы таңғаларлық іс емес. Булаев ауданындағы Чистянский поселкелік советі облысымызда-

ғы Чистов және Қарағанды сыяқты ең ірі совхоздарды қамтыйды. Басқалармен бірдей бұл поселкелік советтің де атқаратын жұмысы алуан-алуан, әрі орасан зор. Алайда қызметкерлерінің іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің кем болуы салдарынан бұл поселкелік советтің жұмысы айтарлықтай емес. Мұнда өткен жылы бірде-бір сессия мәжлісі болмаған, ол депутаттарды өзіннің күнбе-күнгі тұрмысына жұмылдыра білмеген. Осы аудандағы Морозов жолдас басқарған Пролетарскі селендік советінің жұмысы да осындай.

Қазір ауыл, селендік және поселкелік совет атқомдарының алдында тұрған зор міндеттер — өз күштерін орны-орнына дұрыс жұмсап, ауыл, село еңбекшілері арасында ұйымдастыру-көпшілік жұмыстарын мейлінше жақсарту, көктемгі егіске сақадай сай әзірлену, мал қыстату-ды үлгілі өткізу, колхозшылардың мемлекетке астық және картоф сату жөніндегі жігерін бастай білу болып саналады. Бұл жұмыстардың ойдағыдай жүргізілуі үшін саяси-көпшілік ісін күшейтіп, ауыл-деревняда социалистік жарысты пәрменінше өрістету керек. Бұған колхозшы шаруалардың жаппай қатысуын, алдыңғы қатарлы адамдардың іс тәжірибелерінің көпшіліктің игілігіне айналдырылуын қамтамасыз ету — жергілікті советтердің, олардың председателдері мен депутаттарының айбынды міндеті.

Ауыл-селендік советтер және олардың басшылары партия мен үкімет нұсқауың жүзеге асыру ісін мемлекеттік тұрғыдан бақылап, бұл міндеттердің мүлтіксіз орындалуына еңбекшілер бұхарасын ұйымдастыра білуге тиіс.

Бүгін ауыл, селендік және поселкелік совет председателдерінің облыстық кеңесі ашылады. Бұл кеңесте 1944 жылы облысымыздың ауыл шаруашылығын өркендетудің шаралары және ауыл, селендік советтердің міндеттері, ауыл-деревняда саяси-ағарту мекемелерінің жұмыстарын жақсарту сыяқты аса маңызды мәселелер талқыланғалы отыр. Алдағы уақытта бұл міндеттердің мүлтіксіз орындалуы — ауыл, селендік советтердің күнбе-күнгі ұйымдастыру-көпшілік істерінің бүгінгі күннің талабына сай жүргізілуіне тікелей байланысты.

Жауды біржолата тез талқандау үшін майданға көмекті еселеп күшейтуге, облысымыздың алдында тұрған зор міндеттердің аброймен орындалуына еңбекшілер бұхарасын жұмылдыра білу, сөйтіп соғыс уақытының талабына сай жұмыс істеу — ауыл, селендік советтердің, олардың басшылары мен депутаттарының жауынгерлік міндеті.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

16 ЯНВАРЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

НОВО СОКОЛЬНИКИДІҢ солтүстік жағында әскерлеріміз үш күнгі шабуылды ұрыстардың нәтижесінде душпанның қорғану шебінің бұзылған жерінің енін майдан бойына 15 километр және түпкірге қарай 8 километрдей бұзып өтіп, 40тан аса елді пунктті, оның ішінде ШЕНАЙЛОВО, ПОЛУДИНО, ЧЕРНОЕ, СОПКИ, ВОЛГИНО, МАНОКОВО, МИХАЛКИНО, ЧИРКИ, РОВНИ, ЗАБОЛОТЬЕ үлкен елді пункттері мен НАСВА темір жол станциясын алды. Сөйтіп, әскерлеріміз НОВОСОКОЛЬНИКИ—ДНО темір жолын кесіп өтті.

16 январьда КАЛИНКОВИЧИДІҢ батыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып, алға басты, сөйтіп бірнеше елді пунктті, оның ішінде НОВОСЕЛКИ, ЯКИМОВИЧИ, КЛИНСКИ үлкен елді пункттерін алды.

САРНЫНЫҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді, бұл ұрыстардың барысында Ровен облысының аудан орталығы — КОСТОПОЛЬ қаласы мен үлкен темір жол станциясын және ВЛАДИМИРЕЦ, АНТОНОВКА, ЗЛОТОЛИН, ПЕЧАЛУВКА үлкен елді пункттерін алды.

ВИННИЦАНЫҢ шығыс және УМАНЫҢ солтүстік жағында әскерлеріміз душпанның жау әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің қарсы атакаларын тойтарып, немістердің 136 танкін қыйратты, жойды.

Майданның басқа участкелерінде бірсыпыра пункттерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

15 январьда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 190 танкін қыйратты, жойды. Өуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен душпанның 60 самолеті атып түсірілді.

Новосокольниқидің солтүстік жағында әскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізе отырып, немістердің қорғану шебін бұзып өтті, сөйтіп 40тан аса елді пунктті алды. Душпан қорғану шеңберіндегі бекіністерге сүйеніп, қатты қарсылық көрсетті. Н. курамасының бөлімдері түнде атақаға шығып, күшті бекіністі Маноково елді пунктін алды және жеңісті баянды ете отырып, Насва темір жол станциясын бүркемелеп тұрған гитлершілерге соққы берді. Совет жауынгерлері кескілескен айкаста жау гарнизонын талқандап, станцияны алды. Сөйтіп немістер майдан шебі бойын бойлай өздерінің әскерлерін бір учаскеден екінші учаскеге тасыған Новосокольники-Дно темір жолын бөлімдеріміз кесіп өтті. Болып жаққан ұрыстарда душпан орасан көп шығынға ұшырауда. Күн тәулік ішінде немістердің бір полктей жау әскері жойылды. Совет авиациясы душпанның әскерлері мен қатнас жолдарына соққы беруде. Летчиктеріміз Идрица темір жол станциясына шабуыл жасаған кезде немістердің көп әскер эшелонын өртеді, талқандады.

Калинковичі қаласының батыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Немістер әлі қатпаған Ипа өзеніне бекінді. Кескілескен ұрыстардан кейін совет бөлімдері өзеннен өтті де оның батыс жағалауына лағы бірнеше елді пунктті алды. Новоселки үлкен елді пунктін үшін болған ұрыста бір батальондай гитлершілер жойылды. Жаудан олжа және астықтар қолға түсірілді.

Сарнының батыс және оңтүстік-батыс жағында Н. курамасының бөлімдері ұрыс жүргізе отырып, алға басты, сөйтіп Ровен облысының аудан орталығы — Костополи қаласы мен үлкен темір жол станциясын алды. Душпан жағдайы қалпына келтіруге әрекеттеніп қарсы атақаға шықты. Бірақ жау орасан көп шығынға ұшыратылып, кері қуылды. Немістердің 600дей солдатты мен офицері, бірнеше артиллерия батареясы жойылды. Оқ-дәрі және азық-түлік складтары қолға түсірілді. Бір учаскеде немістер елді пунктке бекініп, осы шепте совет бөлімдерін жоймақ болды. Ровен партизандары бұл тіректі пунктке тұтқыныдан тап беріп, гитлершілдердің гарнизонын талқандады.

Винницаның шығыс және Уманың солтүстік жағында әскерлеріміз душпанның танктері мен жау әскерлерінің ірі күштерінің қарсы атакаларын тойтаруда болды. Тар учаскеде душпан 100тен аса танкі мен бірнеше полк жау әскерін ұрысқа шығарды. Совет артиллериясының

нәсерлей жауғап оғымен гитлершілер тоқтатылды. Жау тың күш алып келіп, тағы да қарсы атақаға шықты. Совет бөлімдері кескілескен ұрыста немістерді орасан көп шығынға ұшыратып, оны кері шегінуге душар етті. 2.000дай гитлершіл, немістердің 62 танкі, өздігінен жүретін 9 зеңбірегі, 14 бронетранспортері жойылды. Екінші бір ауданда қорғану шебімізді бұзып өтуге әрекеттеніп, немістер алты дүркін атақаға шықты. Душпанның қарсы атакаларының барлығы тойтарылып, жау орасан көп шығынға ұшыратылды. Позицияларымыздың алдында немістердің қыйраған, өртеген 40 танкі, 10 бронетранспортері, өздігінен жүретін 23 зеңбірегі қалды. Күн тәулік ішінде артиллерияларымыз, танктеріміз бен жау әскерлеріміз немістердің барлығы 136 танкін қыйратты, өртеді.

Каменец-Подольскі облысында қыймыл жасаушы Украин партизандары темір жол торабына миналар қойды. Немістердің танктер және автомашиналар тиелген эшелоны қойылған миналарға соқтығып, талқандалды. Жаудың қыйраған платформалары мен танктері екінші жолдың үстіне құлады. Немістердің Украинадан тонап алған астықты тиеген поезда бар партиямен жүрін келе жатып, жаңағы жол үстіне құлаған сынықтарға соқтығып, сөйтіп апатқа ұшырады. Темір жолдың бұл учаскесінде поездардың жүруі бектәулік бойына тоқтатылды.

Немістердің 129-жау әскер дивизиясының 427-полкындағы 1-батальонның қолға түсірілген дәрігері Герхард Коиради былай деді: «Дивизиямызға қайткенде Городоктың іргесіндегі позициядан айрылмау жөнінде бұйрық берілді, бірақ бұл міндет орындалмады. Орыс артиллериясының жауған оғы бізді орасан көп шығынға ұшыратты. Командалық пункттеріміз және артиллериямыздың бақылау пункттері жойылды. Мен көп уақыттан бері майдандамын, алайда, артиллериядан мұндай нәсерлей жауған оқты ешуақытта көрген емеспін. Артиллерия оғының астынан шықпақ болған әрекетіміз іске аспай қалды. Кері шегініп бара жатқан 428 және 430-полктарды, 427-полктың 3-батальонын орыстар қоршан алды. орыстардың қоршауынан кішігірім әскер топтары мен жекелеген адамдар ғана қутылды» Герхард Коиради өзінің сөзінің аяғында былай деді: «Соңғы күндері офицрлер майдандағы жағдай жөнінде өзара әңгімелесуді де қойды. Адамдар Германия жеңеді дегенге сенбейтін болды және олар соғыстың барысы жөнінде қайткенде аз аңыз етуге және ол жөнінде аз ойлауға тырысады.

1943 ЖЫЛҒЫ 24 ДЕКАБРЬДЕН 1944 ЖЫЛҒЫ 13 ЯНВАРЬҒА ДЕЙІН МЕРЗІМДЕГІ ДУШПАННЫҢ ШЫҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ І-УКРАИН МАЙДАНЫ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ЖАУДАН ТҮСІРГЕН ОЛЖАЛАРЫ

1-Украин майданының әскерлері 1943 жылғы 24 декабрьден 1944 жылғы 13 январьға дейінгі шабуыл кезінде неміс-фашист әскерлерін мынадай шығындарға ұшыратты.

Жаудың 2204 танкі, түрлі калибрлі 1174 зеңбірегі, 625 минометі, 3173 пулеметі, 348 бронемашинасы мен бронетранспортері, 4686 автомашинасы, 2 бронепоезды, оқ-дәрі, қару-жарақ және азық-түлік қойылған 27 склады, 17 темір жол эшелоны, 28 паровозы, 400 вагоны, бензин күйған 40 цистернасы, жүк тиелген 3063 ат-шанасы жойылды.

Душпан тек өлідей ғана 100мың-

дай солдатты мен офицерінен айрылды.

Майдан әскерлері осы уақыттың ішінде жаудан мынадай олжа: 316 танк, түрлі калибрлі 902 зеңбірек, 321 миномет, 2000нан аса пулемет, 10.500 винтовка мен автомат, 157 бронемашинна бронетранспортер, 3514 автомашина 47 тягач пен трактор, 480 мотоциклі, 20 паровоз, 1000нан аса вагон, жүк тиелген 3 эшелон, 40 цистерна, оқ-дәрі қару-жарақ, азық-түлік және басқа соғыс жабдығы қойылған 230 склад, жүк тиелген 3100 ат-шана, 3662 ат, 40 радиостанция қолға түсірді.

Душпанның 7 мыңнан аса солдатты мен офицері қолға түсірілді. СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫ.

**Астық үшін күрес —
жеңісіміз үшін күрес**

**Астықты көптеп
сатуда**

Айыртау ауданындағы Кирилов-сельхозпосы майдандық онкүндік алғашқы бес күнінде колхозшының мол дәулетінен мемлекетке шұт астық және 1000 пұт астық сатып алды. Мемлекетке астық және картоф сатып жұмысының қарқынын Айыртау посы да анағұрлым үдетті. Сельхозметшілері тек бір күннің ішінде мемлекетке 50 пұт астық, 210 картоф сатып алды.

«Астық және картоф сатып жұмысының қарқынын Айыртау посы да анағұрлым үдетті. Сельхозметшілері тек бір күннің ішінде мемлекетке 50 пұт астық, 210 картоф сатып алды.

«Астық және картоф сатып жұмысының қарқынын Айыртау посы да анағұрлым үдетті. Сельхозметшілері тек бір күннің ішінде мемлекетке 50 пұт астық, 210 картоф сатып алды.

У. ҚОШЕНОВ.

**Қыстауда астық
сату баяу**

Қыстауда астық сату баяу. Ауданының басшылары мемлекетке астық, картоф сатып алу үшін орындау жөніндегі майдан-онкүндікті үлгілі өткізуге қолыларды жұмылдыра алмай

дандық онкүндік 10 январьда алды. Ал аудандық тұтыну союзның қызметкерлері колхоздарға 5 январьда ғана шықты. Аудан жер бөлімінің қызметкерлері қызыларды астық сату ісіне не қатыстыра алмай отыр.

Аудандық онкүндік 10 январьда алды. Ал аудандық тұтыну союзның қызметкерлері колхоздарға 5 январьда ғана шықты. Аудан жер бөлімінің қызметкерлері қызыларды астық сату ісіне не қатыстыра алмай отыр.

«Новая деревня» колхозы председатели Пахомов жолдас) астық сату басталғаннан бері тұтыну ұжымының дүкеніне небары 5 пұт, «Май» артелі (председатели Павлов жолдас) 7 пұт астық

«Новая деревня» колхозы председатели Пахомов жолдас) астық сату басталғаннан бері тұтыну ұжымының дүкеніне небары 5 пұт, «Май» артелі (председатели Павлов жолдас) 7 пұт астық

«Новая деревня» колхозы председатели Пахомов жолдас) астық сату басталғаннан бері тұтыну ұжымының дүкеніне небары 5 пұт, «Май» артелі (председатели Павлов жолдас) 7 пұт астық

«Новая деревня» колхозы председатели Пахомов жолдас) астық сату басталғаннан бері тұтыну ұжымының дүкеніне небары 5 пұт, «Май» артелі (председатели Павлов жолдас) 7 пұт астық

П. ҚАСЕНОВ.

**КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ҮЛГІЛІ ӨЗІРЛЕНЕЙІК
МІНДЕТТЕМЕМІЗДІ АБРОЙМЕН
ОРЫНДАЙМЫЗ**

Бейнетқор МТСның коллективі қажырлы еңбек істеп, едәуір табыстарға ие болды. Трактор ремонттарының планы 1 январьға дейін 146 процент орындалды. Сөйтіп планнан тыс 11 трактор ремонтталды.

Ландыш жолдастың басқаруындағы моторшылар бригадасы ремонт жұмысында үлгі көрсетті. Олар 4 тоқсанда план бойынша 13 мотор орнына 28 мотор ремонттады. Бригаданың әрбір мүшесі 2—3 кісінің орнына жұмыс істейді. Күшімбаев жолдастың басқаруындағы бригада өндіріс тапсырмаларын үнемі артық орындап келеді. Олар жуырда планнан тыс 3 трактор ремонттады. Кабочок жолдастың басқаруындағы ремонт бригадасы өндіріс планын әрдайым екі есе орындайды.

МТС жұмысшылары арасында өзара социалистік жарыс кеңінен өріс алды. Әрбір бескүндікте өндірістік кеңес өткізіліп, социалистік жарыста алынған міндеттемелердің қорытындылары шығарылалы. Осының нәтижесінде стахановшы ремонтшылар қатары күн санап өсуде. «Дайындық» ауылшаруашылық артелінің тракторисі Тенимов жолдас күнсайын екі норма орындап, тамақна көрсеткіштерге ие болды. Темір ұстасы Степан Пильтяй жолдас

нормасын үнемі артығымен орындап келеді.

Ремонтшы жұмысшылар тракторлардың сапалы ремонтталуына ерекше көңіл бөледі. Жуырда трактор ремонттарының сапасы байқалды. Ремонтталған 6 трактордың барлығының сапасы ойдағыдай болды. Әрбір ремонтшы тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының сапалы ремонтталуы — көктем егіс жұмыстарының түйінін шешетіндігін жақсы біледі. Сондықтан да олар еңбек өнімділігін күн санап арттыруда.

Машина-трактор паркінің ремонтты жөнінде Бүкілсоюздық социалистік жарысты өрістету жөнінде Горький облысындағы Каменка МТСның жұмысшы, қызметкерлерінің үндеуі біздің МТС жұмысшылары арасында өндірістік зор өрлеу туғызды. Олар қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналардың ремонт планын мерзімінен бұрын орындап, Каменка МТС коллективінің шақыруына лайықты іспен жауап береміз деп нақтылы міндеттеме алды. МТС коллективі бұл міндеттемені аброймен орындайды.

Т. ИГНАТЕНКО,

Совет ауданындағы Бейнетқор МТСның директоры.

Жұмыс қарқыны баяу

ЯВЛЕНКО. (Өз тілшімізден). Ленин ауданындағы кейбір колхоздардың басшылары көктем егісіне ойдағыдай әзірлену — егіннен мол өнім алудың кепілі екенін әлі күнге дейін түсінбей келеді.

Сталин атындағы колхозда (председатели Грищенко жолдас) ауылшаруашылық тіркеу саймандарын ремонттау, қар тоқтату жұмыстары ойсырағандықтан олжылықта. Бұл колхозда небары 15 соқа ғана ремонтталды, ал басқа құрал-саймандарды ремонттау жөнінде колхоз басшылары әлі ойланған да жоқ. Колхоз председателинен:

—Көктем егісіне дайындығыңыз қалай? — деп сұрасаң,

—Қар тоқтату жұмысын қолға ала бастадық, басқа жұмыстар да реттеле береді ғой, әлі уақыт жеткілікті емес пе, — деп арқаны кеңге салады.

Бұл колхозда егін тұқымының шығымдылығы тексеру, күш көлік терін күтімге қою жұмыстары да айтарлықтай емес.

«Қаратал» ауылшаруашылық артелінде де жағдай осындай. Бұл колхозда 4 соқа, 10 борона ғана ремонтталды, 16 гектар егіс алаңына қар тоқтатылды. Жұмыстағы кемшіліктерді дереу жою орнына, колхоз председатели Қарғабаев жолдас жай баракаттыққа салынып отыр.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Қарқын екі есе үдетілсін

Айыртау ауданындағы Қамсақты МТСның қамтуындағы бірсыпра колхоздар үстіздегі жылдың көктемгі егісіне әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде. «Терең көл» (председатели Льясов жолдас), «Красный флаг» (председатели Малынин жолдас), «Шолақ өзек» (председатели Бірысбаев жолдас) ауылшаруашылық артельдері көктемгі егіске керекті тұқымды толық құйып, тазартты. Құйылған тұқымның өнімділігін байқау ісі қызу жүріп жатыр. Бұл колхоздардың барлығы ауылшаруашылық құрал-саймандарын ремонттаудың планын толық орындауға жуық.

Бірақ МТСның қамтуындағы колхоздардың бәрінде де істің жәйі осындай деуге болмайды. Калинин атындағы колхоз (председатели Ласкутов жолдас) тұқым құю, тазарту, ауылшаруашылық құрал-саймандарын көктемгі егіске дайындау жұ-

мыстарында кешіргісіз кейін қалды. Мұнда план бойынша 9 соқа ремонттау орнына, небары 1 соқа ғана ремонтталды. Тұқым әзірлеу жұмысының барысы тіпті баяу.

Молотов атындағы колхозда (председатели Бейсенбаев жолдас) көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының қарқыны тіпті баяу. Колхоз әлі күнге дейін егіске керекті тұқымның небәрі 30 процентін ғана құйды. Құйылған тұқымның өнімділігі тексерілген жоқ. Ауылшаруашылық құрал-саймандарын ремонттау жұмысы өрістетілмеген. Колхоз басшылары құрдауымен күн өткізуде.

Колхоз басшылары қарқынды екі есе үдегіп көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын деркезінде әрі сапалы аяқтауға, сөйтіп 1944 жылдың егіннен анағұрлым мол өнім алудың берік негізін жасауға міндетті.

М. ЕРКІНБЕКОВ.

**ЮГОСЛАВИЯНЫҢ ХАЛЫҚ-
АЗАТТЫҚ АРМИЯСЫ
БӨЛІМДЕРІНІҢ ЖАУЫН ЕРЛІК
ҚЫЙМЫЛЫ**

ЖЕНЕВА, 15 январь. (ТАСС). Югославиядан түскен мәліметтер бойынша, гитлер әскерлерінің Орталық Босния мен Банья-Лука — Приедор секторында шабуылы бұрынғыша болып жатыр. Мркоич-Град — Яйце-Бугойно секторында дұшпан өте-өте күшті қысым жасауда, мұнда кескілескен ұрыстар болып жатыр. Гитлершілдер Банья-Лука маңындағы майданға Словениядан тағы да бір дивизиясын әкелген. Үскірік аяғы қарамастан, күні-түні бірдей ұрыс болып жатыр. Екі жақ та едәуір шығынға ұшырауда. Германияның екі бомбардировщигі атып түсірілді және 5 танкі жойылды.

Шығыс Боснияда халық-азаттық армиясының бір бөлімі Тузлы қаласының жанында 200 ұсташиді қоршап алып, олардың көпшілігін қырып, Душпаннан көптеген қару-жарақ, оқ-дәрі және киім-кешек қолға түсірілген. Вареш маңында эсэсші дивизияның полкіне қарсы ұрыста 200ден аса гитлершілдер жойылып, 30 гитлершіл қолға түсірілді. Жаудың 2 зеңбірек, станокті 9 пулемет көп оқ-дәрі және полктің барлық қаруы қолға түсірілді.

**ИТАЛИЯДАҒЫ СОҒЫС
ҚЫЙМЫЛДАҒЫ**

ЛОНДОН, 15 январь. (ТАСС). Солтүстік Африкадағы одақтастар әскерлерінің штабы, Американың 5-армиясындағы француз бөлімдерінің алға басып бара жатқандығын хабар етті. Тағы да үш биік пен Акуафондата елді пункті алынды. Душпанның қарсы атакалары тойтарылды. Ағылшын артиллериясы барлық майданда белсенділік көрсетті.

Кеше истребительдердің қостауындағы ауыр бомбардировщиктердің ірі құрамасы Германияның Мостардегі (Югославия) аэродромына еседі шабуыл жасады. Ангарлар мен самолеттер ұшатын жолдарға көптеген қыйратқыш ірі бомбалар тасталды. Көптеген өрт және взрыв болды. Авиацияның екінші бір құрамалары Шибеника ауданында (Югославия) душпанның кемелерін бомбады. Бірнеше кеме өртелді.

Одақтастар авиациясы Италияда жаудың соғыс объектілеріне шабуыл жасауда болды.

**Одақтастар авиациясының Орта
теңіздегі базаларының жаудың
объектілеріне жақыдауы**

ЛОНДОН, 15 январь. (ТАСС). «Дейли телеграф энд морнинг пост» газеті, Американың 15-авиация құрамасының қатарындағы ауыр бомбардировщиктерінің Орта теңіздегі теңізінің Италияда база жасауы бұл бомбардировщиктерді душпанға 960 километр жақындағанын, Енді одақтастар тек Англиядан ғана емес, Италияның өзінен күндіз шабуыл жасайтын болады. Тек Германияның ғана емес, сонымен бірге оккупацияланған Чехословакияның кәсіпорындарын сақтап қалу үшін душпанның истребительдік авиациясы неғұрлым кең алаңға топтануға душар болып отыр.

**Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.**